

Жаңаарқа ауданы бойынша 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 11/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 ақпанда № 5192 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Жаңаарқа ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жаңаарқа ауданы бойынша 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Қожықәев Қанат Шубайұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ю. Бекқожин

Жаңаарқа ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 14 ақпандағы
№11/01 қаулысына қосымша

Жаңаарқа ауданы бойынша 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 10.12.2019 № 117/01 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы	Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын
--	--	-----------------------------------	---	--

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі	ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (теңге)		шығындардың орташа құны (теңге) кем емес	
		мемлекеттік	Жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	Жеке
1.	"Атасу кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қарлығаш" балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	100	-	3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге	-	32280	-
2.	"Атасу кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балдырған" балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	150	-	3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге	-	30580	-
3.	"Атасу кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Ақерке" бөбек-жай" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	190	-	2 жастан 3 жасқа дейін - 10700 теңге, 3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге	-	31575	-
4.	"Атасу кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Ер Төстік" бөбек-жай" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	140	-	2 жастан 3 жасқа дейін - 10700 теңге, 3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге	-	27644	-
5.	"Түгіскен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Еркетай" бөбек-жай" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	50	-	2 жастан 3 жасқа дейін - 10700 теңге, 3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге	-	27616	-
6.	Жаңаарқа ауданы әкімдігінің Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің "Құлыншақ" бөбек-жай" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	25	-	2 жастан 3 жасқа дейін - 10700 теңге, 3 жастан 5 жасқа дейін - 11000 теңге	-	27616	-
7.	"Балауса" бөбекжайы" жауапкершілігі шектеулі	-	100	-	2 жастан 3 жасқа дейін - 10700 теңге, 3 жастан 5	-	32288

	серіктестігі (басшы Бекежанова Багдат Шакарбаевна)				жасқа дейін-11000 теңге		
8.	"Ясли сад "Дария" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (басшы Орманалиева Асем Ергалиевна"	-	60	-	2 жастан 3 жасқа дейін-10700 теңге, 3 жастан 5 жасқа дейін-11000 теңге	-	32288

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК